

# Көрмейтін 1-ші сынып оқушыларды сауат ашуға оқыту ерекшеліктері


Орындаған: тифлопедагогика  
мамандандырылуының

4 курс студенті: Әбсаттарова.П.Қ.

Ғылыми жетекшісі: психология ғылымының  
кандидаты, доцент: Абаева.Ғ.Ә.

# Зерттеу жұмысының өзектілігі


- Тіл – адамдар қарым-қатынасының әмбебаптық құралы бола отырып, ұрпақтан ұрпаққа халықтың жинақтаған мәдени байлығын тапсыру қызметін атқарады. Тілдің дәл осы қасиетін сақтау – қазақ тілінің мемлекет тіл ретінде қайта көтеріліп дамуына негіз болды. Сондай-ақ, тіл кез-келген ұлттың терең бойлаған психологиялық категориясы да болып табылатындығы белгілі.
- Қазіргі Егеменді Қазақстан жағдайында тіл саясаты, оны дамыту, әсіресе ана тілінің өрістеуі маңызды мәселерінің бірі.
- Тіл саясаты, оның әлеуметтік пісіп-жетілуі өзекті мәселерінің бірі болып табылады. Ертеде шығыстың ұлы ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби: «Ойдың арқауы – тіл» деген бірден бір ғылыми түсінікті өз іліміне негіз ретінде қарап, ол: «қоршаған дүниені дұрыс ұғып, оның мәнін түсінуге басқарып, өлшемдік қызмет атқарады» - деп атап көрсеткен болатын [1]. Қазақтың кемеңгер ұлт ақыны Мағжан Жұмабаевтың [2] «Тілсіз ұлт, тілінен орталанған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін, бірінші шарт тілдің болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауға тиіс...» - деген сөздері 80-жылдай бұрын айтылса да, бүгінгі күнде өзінің құндылығын арттыра түскендей.



Республикадағы арнайы білім беру жүйесін жетілдіруге қойылатын қазіргі уақыттағы талаптар мен көру қабілеті зақымдалған балалардың сауат ашуға оқытудың теориялық-әдістемелік негіздерінің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық ойлантарлықтай жағдай.

Аталған қарама-қайшылық зерттеудің өзектілігін анықтады – 0-1 сынып кезеңде көру қабілеті зақымдалған балалардың сауаттылығын табысты қалыптасуын қамтамасыз ететін, нәтижелі жұмыс жүйесін іздеу.

Осылайша, көру қабілеті зақымдалған тұлғалардың толық әлеуметтенуінде сауаттылығының маңыздылығын; осы балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерінің толыққанды зерттелмегендігін; бастауыш мектеп кезеңінде ана тілінде сөйлеу тілін оқыту мен дамыту бойынша бағдарламалық-әдістемелік материалдардың жетіспеушілігін басты назарға ала отырып, біз таңдаған зерттеу жұмысы өзекті деп тануға болады.



**Зерттеудің мақсаты:** Көрмейтін 1-ші сынып оқушылардың қарапайым сауаттылығының қалыптасу өзгешелігін зерттеп, соның негізінде тиімді сауат ашуға оқыту әдіс-тәсілдер жинағы мен шарттарын ұсыну.

**Зерттеу нысаны:** Көру қабілеті зақымдалған балалармен жүргізілетін коррекциялық-педагогикалық үдеріс.

**Зерттеу пәні:** Көрмейтін бастауыш сынып оқушылардың қарапайым сауаттылығын қалыптастыру ерекшелігі.

# *Зерттеудің ғылыми болжамы*

- Көру қабілеті зақымдалған оқушылардың сауат ашу оқытудағы қателері мен оның себептері анықталса, олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу мен жазудың алғы шарттарын дамыту жұмысының мазмұны алдын-ала анықталып жүргізілсе, жазбаша сөйлеу тілін қалыптасуға объективті жағдай жасалып, осы топтағы оқушылардың жазуындағы қателердің азаюына әсер етіп, оқу үдерісін белсендіре түсер еді.

# *Зерттеудің міндеттері*

1. Көру қабілеті терең зақымдалған оқушылардың қарапайым сауаттылығын қалыптастыру мәселелерін қамтитын заманауи ғылыми-әдістемелік зерттеулерге талдау жасау.
2. 1-ші сыныптағы көруі бұзылған оқушылардың Брайль жүйесі бойынша жазу мен оқу дағдыларын меңгерудегі ерекшеліктерін эксперименталды түрде зерттеу.
3. Сауат ашуға дейінгі және сауат ашу кезеңдерінде көрмейтін балалардың сауаттылығын тиімді қалыптастырудың шарттары мен әдіс-тәсілдер жинағын ұсыну.

# □ 1 - міндет бойынша

- Зерттеу әдістері:
- \* жалпы және арнайы психологиялық-педагогикалық лингвистикалық әдістерді талдау, жинақтау;
- \* бақылаушы педагогикалық эксперимент жүргізу;
- \* көру қабілеті терең зақымдалған 1-сынып оқушыларының сауат ашуға үйрету, оқу мен жазу білік пен дағдыларының қалыптасу динамикасын бақылау;
- \* берілген тәжірибелік талдаудың сапалылығы мен саны.

Сауаттылыққа үйрету кезіндегі оқу мен жазудағы қателерді алдын алу бойынша жұмыс бағыттарын тифлопедагог-мұғалімдеріне қолдануына мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде алынған мағлұматтарды сауат ашуға оқыту мен оқу әдістемелік құралдарын құрастыруда қолдануға болады.

## □ 2- міндет бойынша

- Эксперименталды зерттеу жұмысының мақсаты – негізінен көруінде мүкістігі бар балаларының сауат ашуға менгерудегі ерекшеліктерін зерттеу, орталарына лайық тиімді әдіс-тәсілдерді жинақтау және сауаттылығын ашуға тиімді дәрежеге жеткізудің әдіс-тәсілдер іздестіру.


Төмендегідей мәселелер шешіледі:

- 1. Сауат ашу сабағын әр түрлі кезеңде қазақша оқитын көруі зақымдалған балаларының ерекшеліктері зерттеліп, оқу және жазуды менгеруде кездесетін негізгі қиындықтар анықталды.
- 2. Сауат ашуға дейінгі және сауат ашуды тиімді оқытуды қалыптастыруға арналған әдістеме нұсқаулар жинақталды.
- Эксперименталды зерттеу Алматы қаласының Н. Островский атындағы зағип және нашар көретін арналған №4 арнайы мектеп-интернатында өткізілді.
- Эксперименталды жұмыс екі кезеңнен тұрды:
  - 1) Анықтаушы эксперименттің – бірінші кезеңінде диагностикалау сабақтары жүргізілді (шамамен екі аптаның ішінде 8 сабақ).
  - 2) Екінші кезеңінде Ғ.А.Абаева әзірлеген жаңартылған бағдарлама мен әдістеме бойынша жұмыс жүргізілді (үш аптаның ішінде шамамен 14 сабақ).



- Осының ішінде 1 «в» сыныбында нашар көретін балалар болса, 1«а» және 1«б» сыныптарында көрмейтін және қалдық көруі бар балалар білім алады екен.
- Сауат ашу - оқу және жазу дағдыларын меңгеруі болып есептелсе, оның ішінде оқу дағдысы – келесі құрамдық компоненттерден тұрады: дұрыс, жылдам, саналы түрде оқу мен дұрыс жазуды меңгеру.
- Зерттеуде, көру қабілеті терең зақымдалған кезде жазу мен оқу процесінің қалыптасуы өзгешілігін есепке алуымыз керек.
- Қалыпты жағдайда адамның көріп қабылдауы жетекші болып табылады, яғни көретін адамдардың оқу және жазу процесі келесі әрекеттердің ретімен жүзеге асады:
  - - әріпті көру арқылы қабылдау;
  - - әріптерді тану;
  - - әріпті сәйкес дыбыспен сәйкестендіру;
  - - әріпті жаңғырту (жазу).
- Көру қабілеті терең зақымдалған жағдайда оқу мен жазу процесінің техникалық жағын келесі әрекеттер түрінде көрсетуге болады:
  - - рельефті-нүктелі шрифпен ұсынылған әріптерді тактильді түрде қабылау;
  - - әріпті тактильді тәсілмен ажырату және тану;
  - - әріпті сәйкес дыбыспен сәйкестендіру;
  - - рельефті-нүктелі шрифпен әріпті жаңғырту (жазу).
- Эксперименттің бірінші кезеңінің жүзеге асыру мақсатымен сауат ашу сабақ барысында біз балаларға әртүрлі сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер ұсындық.

Сынып	Оқу әдісі	Әріптерді танымау, ауыстыру	Кері айналдырып жазылған әріптерді шатастыру	Әріпті буынды сөзді қайталау	Әріп және буынды тастап кету	Әріп және буын қосу	Сөздің құрылымын бұзу
1 «а»	Дауыстап оқу	45	65	40	25	15	40
1 «б»	Дауыстап оқу	50	50	40	25	20	35
1 «в»	Дауыстап оқу	30	-	21	10	15	15

- 
- Көрмейтін балалар оқу кезінде Брайль приборында қатарлар мен торларды таба алмайды, шатастырады. Бірден кейбір әріптерді тани алмайды, әріптердің арасындағы орындары мен кейбір 1,2,3 нүктелермен көрсетілген әріптерді шатасып оқиды, яғни оқу кезінде кейбір сөздерді бөліп оқиды, мысалы АЛ..МА. Оқудың барлық кезеңдері айналдырып жазылған әріптерді шатастыруы байқалды. Сонымен қатар жазуда кездесетін таңбаларды (нүкте, үтір тырнақша т.б.) ажырата алмайды
  - Нашар көретін оқушылардың бір дыбысты қайталай беруі дауыссыз дыбыстардың сөздерде көп кездесуінен, яғни буындарға бөліп оқуы жетілмеген, сонымен бірге көру арқылы қабылдау қабілетінің төмендігінен де болуы керек. Көптеген жағдайларда олар әріптеп оқып, міндетті түрде буындарды бірнеше рет қайталайды. Мысалы: жапырақ - рақ – рақ, ас - ас – хана.
  - Сонымен оқушыларды оқу техникасы неғұрлым нашар болса, орын ауыстыру, шатастыру, мағынасы, құрылысы күрделі көп сөздерді оқуда қателер де соғұрлым көп болады. Мәтіннің мазмұнының құрылысын бұзып, бұрмалап оқу онша көп байқалмайды.


2 кесте

Жылдам оқу дағдысын зерттеу - 1 минуттің ішінде оқыған таңбалардың саны /пайыз есебімен/

Оқушылар тобы	Сыныптар		
	1 «а»	1 «б»	1 «в»
Жақсы	19	16	35
Орташа	26	33	44
Әлсіз	55	51	21

## Саналы оқу дағдысын зерттеу /пайыз есебімен/

Сынып	Оқу әдісі	Мәтіннің дұрыс айтылған мәнді өлшемінің саны	Мәтінді фрагментарлы қабылдауы	Мәтіндегі ойлық өлшемінің сөзбес жеткізілуі	Мәтіннің өзгермейтін мазмұны	Мәтіннің өзгеретін мазмұны
1 «а»	Дауыстап оқу	26	38	8	12	16
1 «б»	Дауыстап оқу	49	27	20	4	-
1 «в»	Дауыстап оқу	54	27	28	-	-

- 
- Саналы оқығандығын тексеру үшін балалар мәтінді бір оқығаннан соң, ауызша сұрақтар қойылады.
  - Көрмейтін оқушылардың оқу процесінің техникалық жағын меңгеруде кездесетін қиындықтар келесі себептермен анықталады: көру мен тактильды қабылдауының айырмашылығы - сипап сезу арқылы қабылдау сукцессивті (уақыт аралығы реттелген) сипатынан туындаса, көру арқылы қабылдау симутанды (бір сәтте) болып келеді; осы айырмашылығы рельефті-нүктелі жазудағы ұқсас және кері айналдырған әріптерді дифференциациялау процесін де күрделендіреді.
  - Зерттеуіміздің екінші кезеңінде Ғ.А.Абаева әзірлеген жаңартылған бағдарлама мен әдістемесі бойынша жұмыс жүргізілді.

### 3- міндет бойынша

- Көру қабілеті терең бұзылған балаларды оқытудың сауат ашуға дейін кезеңінде келесі бағыттағы жұмыстарға ерекше назар аударылады:
- \* сезім түйсігімен тактильды қабылдауын дамыту;
- \* есту арқылы қабылдауын дамыту;
- \* қалдық көруін сақтандыру және дамыту;
- \* кіші кеңістікте бағдарлауын дамыту;
- \* рельефті – нүктелі шрифпен жазуға және оқуға қолын даярлау;
- \* көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту.

*Қорытынды:*

